

Байменова Б.Ж., аға оқытушы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – ҒЫЛЫМНЫҢ БІР САЛАСЫ

Әдістеме – метод, гректің *metodos* деген сөзінен шыққан, қазақша зерттеу жолы деген мағынаны білдіреді.

Ғылым адам баласы ой-санасының, дүние танымының өсуіне байланысты бірте-бірте дамып, қалыптасады.

Ғылымның алуан түрі бар. Соның бірі-қазақ тілін оқыту әдістемесі. Қазақ тілі әдістемесі-ана тілін ұсынудың заңдылықтарын және тіл туралы білімді балаларға үйрету жолдары мен құралдарын зерттейтін педагогикалық ғылым. Тарихи жағынан дамыған, жетілген, теориялық негізгі қалыптасқан, белгілі бір ғылыми жүйеге келген ғылым.

Әдістеменің зерттейтін объектісі, мақсаты, зерттеу әдістері қалыптасқан жүйесі бар.

Қазақ тілін оқыту методикасы, ең алдымен, оқушыға қандай тілдік категорияларды үйрету керек? Қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйретуге болады? Деген мәселелерді қарастырады.

Сондай-ақ, қазақ тілін оқыту методикасы-қазақ әдеби тілінің маңызын, әдіс-тәсілдерін, амалдарын, оқушыға ана тілінен білім берудің, оны меңгерудің жолдарын үйрететін ғылым. Мұғалім ана тілінен теориялық білім беру арқылы оқушының өзін қоршаған ортаға көзқарасын қалыптастырады. Отанына шын берілген нағыз патриот, азамат етіп тәрбиелейді. Ондай дағдымен білім, тәрбие беру қазақ тілін дұрыс оқыту арқылы іске аспақ. Сонымен бірге, методика мұғалімді өзінің мамандығын құрметтеуге тәрбиелейді. Методика мұғалімнің творчестволық тұрғыдан жұмыс істеуіне бағыт берумен бірге, сабақ берудің тиімді әдіс-тәсілдерін меңгеруге көмектеседі.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі лингвистика, логика, педагогика және психология ғылымдарымен тығыз байланысты.

Әдістеменің лингвистикаға байланыстылығы – ол оқылатын пәннен жеке-дара қаралмайды. Тіл білімі жөніндегі материалдың мазмұнынан орай әдіс-тәсілдерді таңдау, қолдану, олардың жолдарын көрсету, жаттығу мен дидактикалық материалдарды таңдап, іріктеумен тікелей байланысты. Мысалы: фонетикамен оқытумен байланысты түрлі фонетикалық талдау жасау, әріптерді, дыбыстарды дұрыс айта білу, ал сөз таптарын оқыту барысында морфологиялық талдау, түрлі салыстырулар, жалғау мен жұрнақтың ара-жігін ажыраттыру сияқты әдіс-тәсілдер қолданылады.

Қазіргі педагогика, психология, логика ғылымдарының соңғы жаңалықтарына шолу жасай келіп, қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде дамуының басты ерекшеліктерін мына мәселелердің төңірегінде қарастыруға болады: әдістемелік зерттеу жұмыстары жетіліп, олар кең өріс алды, эксперименттік, бақылау жұмыстары жүргізілуде, мектеп тәжірибесі жан-жақты зерттелініп, жаңа факті, дәлелдермен байытуда, сондай-ақ, жалпы әдістеме ғылымындағы жетістіктерді, әсіресе орыс тілі әдістемесіндегі қажетті, тиімді, пайдалы деген іс-тәжірибелерді пайдаланып келеміз, атап айтқанда, оқушылар үлгіріндегі басты кемшіліктер, оны жоюдың нақты жолдарын қарастырылуда. Мысалы: тіліміздің фонетикалық, морфологиялық негіздерін жетік білмеуден емелілік қате жіберу, пунктуациялық және стильдік қателердің кездесуі қазақ тілін оқыту әдістемесіне басты назар аударуды талап етеді. Сондай-ақ, мектептегі оқыту жүйесі-

нің деңгейін мұқият бақылай, зерттей отырып, әдістеме ғылымының жаңалықтарынан, әсіресе қазіргі сабаққа қойылатын талаптардан мұғалімнің үнемі хабардар болып, өсіп отыруын негізгі мәселелердің бірі деп санау керек. Яғни, қазақ тілі білімі мен оның әдістемесін тығыз байланыста қарау мұғалімдердің жан-жақты творчестволық ізденістерін дамыту, ой туғызу, көмектесіп, бағыт беру қазіргі мектеп реформасы талаптарына сай негізгі мәселелердің бірі болып есептеледі.

Қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру процесі әлі аяқталған жоқ. Өйткені әдістеме озат мұғалімдер тәжірибелерімен толығып, оның мазмұны мен жүйесі, құрылысы кеңейіп, байып отырылады.

Ғылым ретінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің дамуы, ең алдымен, тәжірибеде жиналған фактілер мен эксперимент, бақылау жұмыстарының деректеріне аса көңіл бөлініп, қолданылып жүрген әдіс-тәсілдердің кемшілік жақтары анықталып, онан ғылыми қорытылуы жасауға талаптар қойылуында. Әсіресе оқушылардың ойлау қабілетінің дамуына, жетілуіне, сондай-ақ олардың сөйлеу және есту қабілеттеріне, зейініне көңіл бөле отырып, тілдік материалдарды орынды қолдана білу сияқты іс-әрекеттерді арттыру негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Мысалы, қазақ тілінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис, тіл дамыту бөлімдері ғалым-методистердің ұзақ жылдар зерттеу жүргізуі нәтижесінде, мектеп тәжірибесінде сыналып байқалынды. Олардың кемшілік, жетістік жақтары нақтыланды.

Оқушылардың материалдарды меңгере алуының психологиялық негізі сабақтың әрі әсерлі қызықты өткізілуіне байланысты. Сабақ психологиялық жағынан неғұрлым әсерлі болса, оқу материалын олар соғұрлым дұрыс түсінеді. Бұл мұғалімнің шеберлігіне де қатысты мәселе. Сабақты

психологиялық жағынан неғұрлым әсерлі болса, оқу материалын олар соғұрлым дұрыс түсінеді. Бұл-мұғалімнің шеберлігіне де қатысты мәселе. Сабақты психологиялық жағынан өте тартымды етіп құру үшін, негізгі үш жағдайдың болуы шарт: бірінші жағдай-сабақтың педагогикалық тұрғыдан ойдағыдай болуы. Оған қатысты мәселелер шартты түрде: мұғалім мен оқушылардың сабақ кезіндегі қарым-қатынасы, мұғалімнің өзін-өзі ұстау мәнері, оның өрелі өнегесі, сыртқы келбет-пішіні, сөйлеу мәдениеті, оқушыларға қатаң талап қоюмен бірге, сыйлай да білу, оларды саналы адамгершілік пен үлгілі парасаттылыққа баулуы. Мұғалімнің сабақта жеке оқушыны өзіне қарата, зейінін аудару білуі класс коллективін тегіс меңгере алуын қамтамасыз етеді.

Екінші жағдай – сабақтың теориялық жағынан талапқа сай өтуі. Сабақтың теориялық жағы негізгі фактілермен дәлелденіп, оның ғылыми мәні көңілге қонымды болса, ол оқушылардың логикалық ойлау ынтасын арттырады және сабақ оқушыларға әсерлі болады.

Үшінші жағдай – сабақтың әдістемелік жағынан тиімді болуы. Бұл мұғалімнің материалды баяндау әдісін шеберлікпен игере алуына, дидактикалық заңды принциптерді орынды жерінде қолдануына қажетті көрнекі құралдар мен тәжірибе жұмыстарын тиісті кезінде көрсете білуіне байланысты.

Әрбір сабақтың мазмұнына қарай әдістерді қолдануда оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне айрықша мән беріледі. Әсіресе оқушының логикалық ойлау әрекеттерін дұрыс тәрбиелеудің маңызы зор. Демек, оқушы оқу материалын терең түсініп, сапалы меңгеру үшін, оның ішкі заңдылығы мен өзара байланысын дұрыс анықтап, тиісті қорытынды жасай білуі қажет.

Оқушы бірінші кластан бастап қазақ тілін оқу барысында тілдегі түр-

лі қолданылатын атауларды, мысалы: әріп, сөз, сөз тіркестері, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілерінің алуан түрлері-сызықша, нүкте, үтір, леп белгісі, қос нүкте, түрлі грамматикалық ереже, анықтамаларды оқып үйренеді. Қабілеті әр түрлі оқу тілдің мұндай белгілері мен атауларын түбірінен меңгеріп кетуі мүмкін емес, тек оның негізгілерін ғана, басты анықтама, ережені есте сақтауы мүмкін.

Қазақ тілінде айтылуы мақсатына қарай сөйлем хабарлы, лепті, сұраулы, бұйрық мәнін білдіреді, оларды айту арқылы біз сезім, тілек, қуаныш, бұйыру сияқты адамның әр түрлі психикалық күйін сеземіз.

Ал оқушы хат немесе мазмұндама, шығарма жұмыстарын жазу процесінде өзінің ойын, көңіл күйін, пікірін білдіріп қана қоймайды, сонымен бірге өзінің қатынасын, көзқарасын, ойын да білдіреді.

Демек, тіл ойды білдіріп қоймайды, сезімді де сыртқа шығарады.

Оқу-тәрбие ісінде ең қажетті мәселе-мұғалімнің психологиялық жағынан ең қажетті мәселе-мұғалімнің психологиялық жағынан дайындығы. Әсіресе қазақ тілін оқытуда мынадай психологиялық ерекшеліктерді меңгеру қажет болады: біріншіден, сөйлеу процесіндегі ерекшелік, екіншіден, жеке оқушының ана тілін меңгерудегі қабілеті ескерілуге тиіс. Сондықтан қазақ тілінің ерекшелігіне қарай психологияны жақсы білуі аса қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы «Мектеп» 1988
2. Оралбаев Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі.
3. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы, Алматы 1965
4. Маркова А.К. Психологические критерии эффективности учебного процесса. Вопросы психологии» №4, 1977

Ваулина Н.М. кандидат педагогических наук
гимназия № 5, г. Рудный

ТЕХНОЛОГИЯ ДОСТУПНОГО ИЗЛОЖЕНИЯ МАТЕРИАЛА

Сегодня общество ставит перед современной школой задачу по реализации развивающего обучения. Ставятся разнообразные задачи – развитие творческих способностей учащихся, формирование компетентности, развитие умственных способностей. [1] Эту задачу - развитие умственных способностей - возможно решать прежде всего на уроках по предметам естественно-математического цикла. С чего начинается развитие ума? Думается, что с усвоения нового. Именно в процессе познания расширяются горизонты, образуются новые разнообразные связи в коре головного мозга, идёт развитие. Таким образом,

процесс усвоения учащимися на уроке нового материала и лежит в основе умственного развития. Но усвоение материала возможно при условии, что он излагается доступно. Развивающие возможности недоступно изложенного материала равны развивающим возможностям шума вентилятора. Поэтому самое первое важное условие развивающего обучения - это доступное изложение материала учителем на уроке. Но именно этот вопрос в методике практически не обсуждается.

Поэтому нам хотелось бы в статье обсудить этот вопрос.

Думается, первое, что необходимо учителю - это чёткое представле-